

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы әкімінің 2023 жылғы 1 ақпандағы № 19 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Құрық ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрық ауылы Кендерлі жерінен жалпы көлемі 79,6846 гектар, оның ішінде жайылымы 79,3404 гектар жер участекін "Ak Su KMG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне кірме автожолының құрылышын салу үшін жер пайдаланушылардан алғып қоймай 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құрық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

F. Салихов

Құрық ауылы әкімінің

2023 жылғы 01 ақпанды

№ 19 шешіміне қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер участеклерінің тізімі

№	Жер участеклері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
1	Құрық ауылының жері	66,2129
2	Толқын ӘК	7,2459
3	Б.К.Сагиндиков	5,8816
4	Су құбыры	0,3442
Барлығы:		79,6846